

А. 2005
6027 И

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН



A 2005/6027



СӘКЕН



КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

СЕЙФУЛЛИН

3

Баллада
Толғаулар
Дастан
Поэмалар



Алматы
ҚАЗЫҒҰРТ
2004

ББК84 Қаз 7-5

С 32

*Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакциялық алқа:

**А.Сәрсенбайұлы, Ә. Асқаров, Р. Асылбекқызы,
К. Ахмет, С. Жалмағанбетқызы, Т. Кәкішұлы, Т. Көпбаев,
С. О. Сейфуллин, С. Тұрғынбеков.**

Кұрастырушылар:

Тұрсынбек Кәкішұлы,
Қазақстан Республикасы
ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, профессор.
Күләш Садыққызы Ахмет,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Сейфуллин Сәкен

С32 Көп томдық шығармалар жинағы. — Алматы:
«Қазығұрт» баспасы, 2004. Т.3. Баллада. Толғаулар.
Дастан. Поэмалар. — 400 бет.
ISBN 9965-22-003-4

Қазақ поэзиясының мазмұнына шығармашылық төңкеріс жасаған С. Сейфуллиннің бұл томы оның толғаулары мен поэмаларынан тұрады. Кейде поэмаға бергісіз «Аксак киік», «Аққудың айрылуы» сияқты жан тебіренерлік балладалары, «Ұйым және еңбек шарт — жалшылар қорғаны» сияқты өлең-очерктері де осы томға қосылып, шын мәніндегі поэмалар жазуға барған кездері, яғни ақындық зертханасын ашатын сәттері де ескеріліп отырылған. Кітапта «Советстан», «Көкшетау», «Альбатрос», «Социалистан» сияқты сүйекті шығармалары да бар.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7-5

С 47(0)2250202
482(05) — 04

ISBN 9965-22-003-4 —(Т3)

ISBN 9965-22-000-X

© «Қазығұрт» баспасы, 2004

ӨМІР ДАСТАНЫ

Сәкен поэзиясын осы жолы екі кітапқа орналастырғанды жөн көріп отырмыз. Біріншіде ылғи өлең-жырлары берілсе, екіншіде толғау, балладалардан кейін поэма-дастандары орналасып, әрқайсы хронологиялық жүйемен беріледі. Осылай арналғанда ғана ақындық дарынның өсу, жетілу, қалыптасу сәттері айқынырақ аңғарылады.

Қай ақын болмасын поэма жазуға барар алдында өзінің күш-қуатын біліп алғаны жөн. Тәжірибе жинақтап, айтары молайған, сюжеттік желіні не лирикалық ойды дамытып әкелерлік деңгейге жеткен кезде ғана қалам алса, абыройға кенелмек. Сәкеннің 1925 жылға дейін поэма жанрына жоламауының бір сыры осыдан болса керек.

Ал поэма-дастан жазбағанымен оқушы жұртшылықты елен еткізген шығармалар беріп жатқаны сөзсіз. 1919 жылы жазылған «Қашқынның ауылы» сюжетті толғауын еске түсіріңіздерші. Біздің кейбір әдебиетші-зерттеушілеріміз «Қашқынның ауылын» поэма деп те жатады. Өйткені мұнда оқиға желісі бар. Қауіпті жорыққа аттанғандарды жанын шүберекке түйіп тосқан әйелдің ішкі толғанысы, көңіл күйі кімді болса да енжар қалдырмайды. Оқушыны уысынан шығармайтын шындық сыры ақындық қуатпен жеткізіледі. Солай бола тұрса да, белгілі характер жасалынып, түйінді ой қорытылмаған шығарманы поэма дегеннен гөрі сюжетті толғау деген орынды болса керек. Осы сияқты ел-жұрт білетін «Ақсақ киікті» де поэмаға барар жолдағы баллада мінездес туынды десек абыройдан айырылып қалмайды.

Кітаптың алғашқы бөлімінде толғау-балладаларға ұқсас сюжеттік желісі бар шығармаларды топтастырған уақытта Сәкеннің поэма жазуға тәжірибе жинақтап келе жатқан сәтін аңғарамыз.

Мен өзім Сәкен 8 — 9 поэма жазса да эпик ақындардың санатына қосқым келмесе де, жазып кеткендерінің шоктықты екенін аңғармасқа амалым жоқ. Солардың ішінен өзінің ұлы жанашылдығымен бүкіл қазақ поэзиясына үлгі болған «Советстан» поэмасын, онымен бірге 1925 жылы дүниеге келіп, сезім қылын дөп басуымен дараланған «Аққудың айрылуы» дастанын, үлкен ізденіспен және Мағжанмен бәсекелесе жазып, рухани байлығы мен табиғат әсемдігін жанды бейнеде кестелеген, өз

ақындығының бар қыр-сырын көрсеткен халықтық «Көкшетау» (1929 ж.) поэмасын және ел үшін туғанын аңғартып, соның шат тұрмыс-тіршілігі, баянды бақыты үшін неге болса да көнемін, ойымдағыны айтпай қала алмаймын деген азаматтығын дәлелдеген «Қызыл ат» (1933 ж.) айтыс-дастанын айрықша ардақ тұтамын.

Сәкен өз шығармашылығы туралы әңгімелегенде «поэма» деген атауды 1925 жылы ауызға алған. И. В. Сталиннің қабылдауынан кейін елге пойызбен қайтып келе жатқанда шығарма жазады. Бұл поэма жанрына барар жолға егілген алғашқы дән еді. Ол жөнінде Сәкеннің өз сөзіне кезек берейік.

«Әрине, жолдас Сталиннің тілін алдым. Берген ақылы мені әжептәуір көтеріп, алдандырып тастады. Не жұмысқа жегілсем де істеп, бас тартпауға белімді байлап, Қазақстанға келдім. Жолда, отарбада келе жатып, «Қара жер» дейтін поэмамды жаздым. Ол поэмада кенес үкіметін май айында масатыдай құлпырған жасыл түсті дүниені қажарып келе жатқан отарбаға мысалдап, «Қара жердің» қызықты көріністерін отарба терезесінен қарап, жырлау секілділер жазылған еді», дегені, әрине, ақынның үлкен бір шығармаға «толғатып» жүргенінен хабар береді.

«Қара жер» зордың күшімен «Еңбекші казак» газетінде жұлмаланып шыққанымен өзінің репортаждық сипатпен шыққанын ашық айтпайық. Терезеден көрген көріністерді белгілі сюжетке құрайын дегенмен Сәкен өлең-репортажда көрген-білгенін, көзі шалғанын ғана айтып шыққан. Оны поэма деп қазақ әдебиеттануында айтқан, жазғанды кездестірген емен. Ақын өз шығармасына қандай ат бергенімен, оқушы жұртшылық өз шешімін жасайды.

Сәкеннің «Қара жері» әрі кеткенде циклды репортаж күйінде қалғанымен «Советстан» поэмасына дайындық болғандығын ашық айтқан орынды. Оны Сәкеннің өзі растайды да. «Аздан соң «Советстан» атты поэма жаздым. Мұнда мен кеңестер одағын, кеңестер одағындағы ескі жалғанды басып-шаншып, көздеген нысанаға ат қойып келе жатқан төңкеріс күйін жырладым. Төңкерісті ілгері қарай сүйреп келе жатқан жүйрік отарбаның ырғағына теңедім» деуі бізді оң жолға бастағандай, өз шығармашылығында «Советстанның» орны бөлек екенін меңзегендей. Олай болса, бүкіл қазақ поэзиясына жаналықтың қарлығашы, тіпті үлгісі болған «Советстан» поэмасының кәдір-қасиетін молырақ әңгімелегеннің артықтығы жоқ.

«СОВЕТСТАН» ЕЛУДЕ

«Советстан» казак совет әдебиетінде. ең алдымен, бүгінгі өмір шындығын эпикалық жанрда аскактата жырлаудың, екіншіден публицистикалық сипаты қалың шығармада замана образын жасаудың ең күрделі

өнерпаздық мәселесін шешіп берген, үшіншіден, жаңа мазмұнға жаңа түр табудың соны мақам-нақыш берудің өнерпаздық дәстүрін бастады. Сөйтіп, «Советстан» казак кеңес поэмаларының көш бастарына айналды.

Сәкен Сейфуллиннің казак совет әдебиетінің негізін қалау жолындағы еңбегін айтқанда, жаңа идеялық бағыттың жаршысы болып, кеңестік сөздің туын бірінші көтергендігін, творчестволық күштерді ұйымдастырып, кеңес әдебиеті платформасын нығайтуға айрықша назар аударғанын, алашшыл әдеби бағытты идеялық-көркемдік сахнадан ығыстыруға басшы болғандығын, алғыр да жалынды шығармалар мен өз дәстүрін жасаған жаңашыл акын екендігін еске аламыз.

Сәкен шығармашылығының бар жаңашылдық сипатын жарқырата көрсетіп, дәстүрге айналдырған ақындық туынды – «Советстан».

Сондықтан ол – кеңестік заманның алып қарқынын үлкен эпикалық құлашпен суреттеген тұңғыш публицистикалық поэма болып тарихта қалды.

Атпен жүрсе алты айлық жол жерін бар,
Советстан сан рулы елін бар.
Сан рулы,
Зан құрулы,
Бір-ақ түрлі
Бір-біріне туыскандық сенім бар, –

деп көлемі зор, бір кезде зорлық-зомбылықтың мекені болған елдің енді Советстанға айналуын асқан тапқырлықпен бейнеледі. Жаңа заман орнату үшін эскпреске мінген сан рулы елдің тілегі де жүрегі де бір екенін жырға қосады. Орныкпаған, әлі де талай мәнді өзгерістен өтетін жаңа өмірді «еңбекші тап жаратқан» экспресс-отарбамен шарлап, алып қимылды замана бейнесін тұлғаландырады. Кеңестік Социалистік республикалар Одағын «Советстан» атты поэтикалық образдың ауқымына сиғызып, күндей жарқыратады.

«Советстан» поэмасында логикалық түйінге жетіп, көркемдік шешім тапқан замана образы ұзақ-сонар ізденістің, ақындық толғаныстың жемісі екені әмбеге аян.

Сәкен творчествосында тұлпар бейнесі көп жырланады. Әсіресе, Қазан революциясынан кейінгі дәуірде ол тұлпарға «асаулық» мінез дарып, адуынды да әсем ерен қимылды бейнеге айналады.

Жиырмасыншы жылдардың бірінші жартысынан бастап, Сәкен творчествосында заман қарқынына біршама сай келетін екінші кейіптің бойы көріне бастады. Ол – отарба. Бұл да дамудың диалектикалық заңдылығына бағынған. Тұлпар – жаратылыстың перзенті, ал қоғамдық өмірге үстемдік етуге келе жатқан жаңа тап, сөз жоқ, жаратылыс туын-

дыларын мансұқ етпейді, мүмкін қалерінше адамның өз күдіретіне, өз күшіне сүйенеді, өйткені ол бірден-бір дұрыс та шешуші күш. Міне, осы тұрғыдан алғанда Сәкеннің техниканы заман бейнесіне айналдыру талабын түсіну қиындыққа түспейді.

Кашанда саннан сапаға көшу процесі ескінің бауырында өсіп-жетіліп, кезі келгенде бой көрсетеді. Әрине, ол мен мұндалап тұрмайды, түбінде женетініне сенімі мол болса да бастапқы кезде әлсіздеу, жасқаншақтау, тіпті көпшілікке оғаштау болып көрініп тұратын кездері де бар. Техника көп елдерде тіршіліктің қажеттігіне айналса, ал қазақ еліне ол кезде сиқыр күштің елесі еді. Міне, осындай жағдайда болашақ қоғамның тірегі техника саласында жатқандығына көзі жеткен Сәкеннің отарбаны замана бейнесіне ұқсата жырлауы бірінші орынға шықты. Тұлпармен де біраз жерге баруға болатын еді ғой дейтіндер де табылар. Бірақ заман барысын ақындық көрегендікпен түсінген романтик ақын:

Алып кара бұл тұлпар —
Ерлер үшін жасалған.
Жер дүниеге құлапты
Сермер үшін жасалған —

деп түсінеді. Бұл паровозды тамашалау емес, оның келешегіне терең көз жіберу. Сондықтан да ақын 1922 жылдың өзінде-ақ «Біздің тұрмыс — экспресс» деп жар салудан еш тартынбады. Оны көркемдік нанымдылықпен дәлелдеудің жолына түсті. Жана өмірдің қарқынына тек экспресс қана лайықты. Асау қанша ұшқыр болғанымен де бүгінгі заманға енді жарай алмайды, өйткені:

Экспресс зырлайды,
Ешқайда мойын бүрмайды
Ешкімге қарап тұрмайды.

Сәкен жарқын келешектің тірегі тек осы жөннен, осы бағыттан табылады деп ұқты да қанша аяулы болса да тұлпармен қош айтыспасқа шарасы қалмады.

Бұрын атым — тұлпар еді, бәйгі көк,
Енді міне, поезд болды, тұлпар жоқ.
Ұзақ жолға!
Тұлпар қол ма?
Мейлі жорға!
Тұлпар міну —
Сарыарқада жүрсен тек.

Негізі жанадан қалана бастаған кеңестік өмірдің бейнесін осылай суреттеу — қазақ кеңес әдебиетінің сол кездегі орасан зор табысы бол-

ды. Өмірдегі ерен жаналықтар мен мәні зор оқиғаларды әлі де талай өзгерістер арқылы ғана қалыптасатын романтикалық планда, нағыз публицистикалық стильде жазылған «Советстан» поэмасы көзге көрсеткендей еді.

«Советстанның» дүниеге келуінің өзі кенестік қоғамның саяси-экономикалық дамуындағы беленді кезеңмен тұстасып жатқандығын да ұмытуға болмайды. Бұл кезде «кімді кім женеді» деген мәселе социалистік сектордың пайдасына шешіліп, енді жана қоғамның экономикалық негізін қалау кезені күн тәртібіне нақты қойылған-ды. Осыған орайластыра қарағанда да қазақ поэзиясында «Советстанның» шоктығы биік тұрады.

Заман бейнесін жасаудың саналы процесінің алғашқы кезенін осы «Советстанға» тіреген уақытта көркемдік тәсілдерге назар аудармасқа болмайды. Абайға дейінгі поэзиямыздың өрнегі он бір, жеті буынды және аралас буынды өлең түрлері ұлы ақыннан кейін барынша молайғандығын, әсіресе аралас буынды өлеңдердің өрнектері құбыла түскендігін ескерсек, Сәкеннің заман бейнесін жасау талабынан туған тың, соны түрді көрмеуге, аңғармауға қақымыз жоқ. Біздіңше, Сәкен новаторлығы, жанашылдығы тап осы проблеманың төңірегінен бірсыдырғы көп көрініп, көзге түседі.

Аралас буынды өлеңдердің Абай жасаған үлгісі де, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі үлгілері де көп қолданылғанымен интонациялық жағы ерекше басым жатады. Ал мұның өзін, яғни буын ұйқастығының екінші кезекке шығып, негізгі айтар ой интонациялық екпінмен жырлануы қазақ поэзиясына сіне бастаған жаналықтың нышаны еді. Осы принципті Сәкен «Советстанда» мүлде жана түрге айналдырып жіберді.

«Советстан» – тек Сәкен шығармашылығында ғана емес, бүкіл қазақ кенес поэзиясында новаторлықтың үлгісі. Сондықтан да Е. Ысмайыловтың «осы поэмасында Сәкен өзінің ақындық, новаторлық ерекшелігін айқындай түсті. Мұнда Сәкен поэмасының екі түрлі ерекшелігі бар: бірі – ақынның бейне, образ табудағы новаторлығы, кенестік өмірімізді, ақын тілімен айтқанда, советстанды экспрестің екпінді шабысына ұқсатып беруі. Алғашқы дәуірдегі поэзиясында ақын революцияшыл өмірдің дамуын желмен жарысқан асау тұлпарға, аспанға шарықтаған сұңқар нұсқа, аэропланға ұқсатып жырлайтын болса, енді экспресті сол романтикалық образдардың заңды жалғасы ретінде реалистік түрде бейнелеп отыр. Бұл – ақынның шығармашылық ізденуінен туған жаналық. Екінші – Сәкен поэзия ырғағын жүйрік поездың екпін ырғағына үндестіріп бере білген. Поэмада музыкалы үнділік, сөз бен дыбыс бірлестігінің мәні үлкен. «Советстан» поэмасындағы сонғы қайырмадар жалаң дыбыс қуалау емес, бұл ақынның айтамын деген ойын поездың шапшаң жүріс ырғағы арқылы елестетпек болған образды сөздердің ойна-

кылығы. Сонымен бірге бұл поэмада өлең өлшеуінің де жаңалығы бар», — деген пікіріне қосылу орынды. Замана бейнесін жасау талабынан туған новаторлық деп таныған дұрыс. Демек, мұны революция біздің өмірімізге ғана емес, сондай-ақ сөз өнерімізге де талай жаңалық әкеле жатқандағының алғашқы қарлығашы еді деу орынды. Міне осының өзі жиырмамыншы жылдардың орта тұсындағы поэзиямыздың мағына, идея жағынан ғана емес, көркемдік жағынан да өсуінің дәлелі болса керек.

«Қазақ поэзиясының мазмұнына революция жасаған Сәкен, дәл осындай революцияны оның лексикасы мен түріне де жасады. Оған көп мысалдың біреуі — «Советстан» поэмасы. Егер біз Владимир Маяковскийдің «Левый марш», «Приказ по армии искусства», «Владимир Ильич Ленин» сияқты шығармаларын қайталанбақ та емес десек, «Советстан» туралы да соны айтамыз. Қазан революциясының дауылы қазақтың кең даласында тудырған бұл тамаша тау сол әдемі қалпында мәңгілік сақталына сеніміміз берік», — деген Сәбит Мұқановтың пікірі әрқашан еске алынуы тиіс. Сонымен, «Советстанның» өлендік өрнегіне көз салғанда қазақтың он бір буынды кара өленінің бесігіне бөленіп шыққанын көреміз. Буын саны да дәл келеді, тек өлеңнің үшінші жолы ғана төрт буын болып, жеке-жеке жолға бөлініп кеткен. Сырттай қарағанда пәлендей жаңалық деп айта қояр ештеңе жоқ сияқты. Ал шындығына келгенде, «Советстанда» шумақ өрнегі, ішкі ұйқас, ырғақ жүйесі, дауыс екпіні «Қаратаудың басынан көш келедіге» еш ұқсамайды. Дәстүрлі он бір буынды өлеңнің сырт белгісі ғана болмаса, ішкі құрылысы мүлде басқа. «Советстан» үлгісі бунақтап, ішкі ұйқасты қатаң сақтап, дауыс екпінін мақамдап айтуға бейімделген. Әдеттегі өлендердей әнге салып жіберуге келмейді. Өйткені әр жолдың ішкі бунақтары бөлшектей айтуды талап етеді, таппақтап айтуға іш тартып тұрады. Ал үшінші, төртінші, бесінші жолдар міндетті түрде әуен ырғағына мән бере айтуды қажет етеді де әр сынық жол ішкі ұйқастың шарттарын қатаң сақтайды. Қазақтың силлабикалық өленінің негізгі ұйқастары дұрыс сақталғанмен, силлабика-тоникалық, тіпті топикалық өлең жүйесінің элементтері анық байқалады. Қазақ поэзиясында интонациялық принципті еркін де мол қолдануға болатындығын «Советстан» осылай дәлелдеп берді.

Сәкен жаңалығының сыр-сипатын анық түсінген қазақ ақындары «Советстан» түрін көп және өнімді қолданды. Қазақ өлеңінің шығармашылық мүмкіндігін арттыру жолында 30-жылдарда көп ізденген ақын Сәбит Мұқанов «Советстанның» түрі қазақ поэзиясына жаңалық ашты. Оның түрі біздің индустриялы өмірімізді ырғағымен айтып бере алды. Сондықтан жас пролетариат ақындары (Асқар, Ғалым, Тайыр, Жақан, мен де солардың ішіндемін, тағы басқалар) «Советстан» түрімен көп жаңа нәрселер жазды», — деп растайды. Осы процесс бүгінгі жас ақындарға да шипасын тигізіп, жаңашылдықтың өнегелі дәстүрін жасаған «Советстан» үлгісі дамытыла жетілдірілуде.

Дарқан дарынмен жасалған «Советстан» поэмасының осы көркемдік қадір-қасиеттері адуынды ұлы қарқынмен тегісшілдік, коммунистік қоғам құруға аттанған Отанның бейне-келбетін, іс-әрекетін, өрен қимылын өлең жолына айна-катесіз түсіріп берді.

Айда отарба, аямай күш, айдап бак,
Дөнгелегін зырылдасын так-так-так!
Шаңқан жарық,
Шамға қарық
Болсын халық,
Электр жақ, тынбай айда. Жол ұзақ!
Кондуктор
Қарап тұр!
Жол ұзақ,
Айдап бак
Уклон бар,
Терең жар,
Сак бол, сак!
Так, так, так!
Айдап бак
Рудзутак!
Трат-тат-тат!
Трат-тат-тат! —

деген экспресс жүрісіне сүйсінеміз. Поэманың әр тарауында соңғы аккордтай қайталанып отыратын қайырмалар үлкен мәнге ие болуының үстіне, замананың тамыр соғуын, қаншалықты өр қимылмен алға ілгерілегенін сөз өрнегі арқылы жанды, динамикалы ырғақпен бере алғандығын көреміз де, замана образының сомдалып, тұлғаланғанын байқаймыз.

«Советстан» поэмасы Қазан революциясының сегіз жылдығына бағышталып жазылды. 1925 жылдың 7 қараша күні жаңа заманның жаршысы болған «Еңбекші қазақ» газетінде жариялануға тиісті еді. Өйткені Қазан мерекесін осындай шабытты шығармамен қарсы алудың абыройы зор ғой. Алайда күні кеше, Сәкеннің өзі редактор болып тұрған кезде советтік сөзді қанаттандырып, ел еңбекшілеріне тез жеткізуге асығатын газет Смағұл Садуақасов басшы болғаннан бері жүрісінен жанылып, еңбекші бұқараға арналар көркем сөздерге тарлық жасала бастады. «Әне шығар, міне шығармен» Сәкен ұзақ тосты. Бірақ «Советстан» жарық көрмей қойды. Шыдамы таусылған Сәкен 1926 жылдың басында Өлкелік партия комитетінің баспасөз бөліміне: «Мен «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясына Қазан нөміріне басарсыздар деп Қазан революциясының сегіз жылдығына арнап «Советстан» атты поэмалды апарып беріп ем. Не себептен екенін білмеймін, мерекелік нөмірде басыл-

мады, әлі күнге дейін жарияланған жоқ. Бұл жөнінде редакциямен бірнеше рет сөйлестім. Басамыз деп уәде бергенімен, баспайды» деп шағымданды.

Бұдан кейін де «Советстан» газет бетінен көріне қоймады. Зордың күшімен алты ай дегенде 1926 жылы 13 — 14-мамырда жарияланды. Бұл қалай деген сауалдың жауабын Сәкеннің 1929 жылы 2-қыркүйекте жарияланған мақаласынан табамыз: «Редактор, оқу комиссары Смағұл бұрынғысынан танбады. Ұлтшыл жазушылардың жазғандарын газет, журналдарға құмартып басатын, ақшаны соларға төтетін болды. Біздердікін баспайтын, басса да зордың күшімен басатын болды».

Кенестік әдебиеттің туын көтеріп, негізін қалаған Сәкен Сейфуллиннің осыншама қиындықпен, айтыс-тартыспен шығарған шығармалары партиялық позициясы жағынан мығым, көркемдік сипаты жағынан өнегелі болып, алашшыл жазушылардың, оның шашбауын көтергендердің орынсыз қойған тосқауылдарын бұзып, жаңа әдебиеттің жыл құсы болып отырды. Кенес әдебиеті осындай қиындықтарды жеңіп барып қалыптасты.

Сонымен, казактың кенестік эпикалық поэзиясының тұңғышы болған «Советстан» поэмасы бүгінгі өмірді шалқар шабытпен аскактата жырлауы, замана образын қастерлеуі, соны ырғақпен жана дәуірдің қарқынды адымын, сөз өрнегіне түсіріп, жарқын болашақты суреттеуі арқылы казак әдебиетінде жаңашылдықтың ұлы үлгісін көрсетті де соны дәстүр қалыптастырды.

«Советстан» поэмасын әнгімелегенде, кешегі кенес заманында еріксіз еске алынатын «Альбатрос» пен «Социалистан» дастандарын ұмытып кетпейік. Алдыңғысы В. И. Ленин отрядын, қайраткерлігін жырласа, екіншісі біз жасап жатқан қоғамның ірілі-уақты табыстарын дәріптейді. Ал көркемдік жағынан келгенде бұл екеуі де «Советстан» деңгейінен аса алмаған шығармалар.

Ал өнерпаздық ізденіс жағынан келгенде Сәкен публицистік дастандар триптихын жасап, үлгі көрсетпекке ұмтылғанымен «Советстан» биігінен аса алмай, өзін-өзі қайталауға ұшырағанын естен шығармасак, түйер ой, айтар пікірдің шындығына дақ түсе қоймас. «Советстан» Сәкен үшін де, басқа акындар үшін де өтпелі кезең болғандықтан екі түрлі процеске бастады. Сәкеннің өзі де, басқа акындар да «тыныштық» көрмей, ізденіс жолына шықты. Әрқайсысы өзінің «Советстанын» жасамаққа талпынды. Алайда басым көпшілігі, тіпті Сәкеннің өзі де «Советстан» формасының уысынан алыстап кете алмады, қайталаушылық, еліктеушілік етек алды. Оның казак поэзиясына тигізген зияны да аз болмады.

Ал Сәкен болса замана бейнесін жасау жолындағы ізденісін «Социалистан» мен «Альбатрос» арқылы дамыта түспек болғанымен, поэмалардың идеялық және тақырыптық түтіні бір арнадан шалқығаны-

мен, поэмалар тритихына айналғанымен көркем форма табуда жана биікке көтеріле алған жоқ. Е. Ысмайылов пен С. Қирабаев бұл поэмаларда жаналық көп деп есептегендерімен бұл поэмаларда қолданылған өлең түрі «Советстан» өрнегін сәл-пәл өзгерткені ғана болмаса, басқаларға үлгі көрсеткен ұлы түрден асып түсе алмаған еді. «Социалистан» поэмасы сюжеттің шашырандылығымен, репортаждық сипатымен болсын, өлендік құрылысымен болсын «Альбатростай» сүйкімделе алған жоқ. Ал «Альбатростың» идеялық желісі «Советстанның» тікелей жалғасы болуының үстіне ұлы В.И. Ленин образын жасауға талаптанған алғашқы ірі шығарма екендігімен авторына біраз абырой әперген болатын. Ал өлең түрін жетілдіремін деп Сәкен қанша талаптанса да, қалыпташып үлгерген «Советстан» формасынан алыстап кете алмады.

Қырағы көз (4)
«Қалғып кетті» дегізбе! (7) 2 рет
Жау тұмсығын (4)
Шекке жақын енгізбе! (7) 2 рет

Айнала көл (4)
Айнала жол (4)
Биікте бол. (4)
Сен Альбатрос. (4)
Жерде, көкте, теңізде! (7) 2 рет

Шумақтағы жол санына келгенде «Советстан» түрінен бөлек сияқты, 6 жол тоғызға жеткен, алайда 1, 3, 8-жолдардың ұйқасы сақталмайды. Олар 2, 4, 9-жолдардағы ой ағымына тәуелді, солардың ажарын ашуға, мақамын келтіруге ғана жаралған. Өленді II буынды кестеге түсіргенде өрнекке де, дауыс ырғағына да еш нұқсан келмейді. Сәкен мұны білмеді, аңғармады дей алмаймыз, қайта «Советстанда» қалыптасқан интонациялық принципті «Альбатроста» нақтылай түсейін, өленнің экспрессивтік мүмкіндігін арттыра түсейін деп өлең жолын осылайша бөлшектеуді қажет санаған сияқты. Сәл-сәл дауыс екпініне, тақпақтап айтуға ыңғайланғаны болмаса өленнің негізгі құрылымы — «Советстан» өрнегі. Сәкен замана бейнесін жасауға бағышталған осы үш поэмасында идеялық тұтастықтан көз жазбағаны сияқты, өлең өрнектеріне қаншама жаналық қосамын дегенмен «Советстан» түріне оралып соғып отырған.

Сонымен, «Советстан» жалғыз Сәкенде ғана емес, бүкіл қазақ совет поэзиясында жанашылдықтың шыңы болды да жана дәуірдің қимыл-қарқынын, іс-әрекетін, іштей өркендеуін әуен-мақам арқылы жеткізіп, замана образын жасады. Ақын ізденісі мазмұн мен түрдің ажырамас бірлігінен туындайтынын дәлелдеп, орасан зор поэтикалық жаналық ашты.

Өмір қызық қой. Өркендеп жатқан Отанды осындай шабытпен жырлаған Сәкен 1925 жылдың аяғына қарай рухани жүдеушілікке түсе бастаған. Жазғандары уақтылы басылмауы акын-жазушы үшін үлкен қайғы, оның үстіне әлеуметтік әлек-шәлек пен қысымшылық араласып жатқанда, «Сталиннің ақылын бекер-ақ тыңдаған екенмін» деген күйге түскендей болады. Осындай көңіл күй Сәкенге «Аккудын айрылуы» поэмасын жаздырды.

Бұл поэма шын мәнінде кімнің болса да көркемдік талғамына жауап беретіндей деңгейде дүниеге келді. Және өте тез, тіпті бір күннің ішінде қағаз бетіне түсті. Ой билеп, сюжет желісі іштей пісіп-жетілгенде шығарма оп-оңай туа салады. «Аккудын айрылуын» лирикалық поэманың санатына қосқан жөн, өйткені мұнда бір мезеттік сәт қана суреттеледі. Қос аккумулядин көлде мәз-мейрам болып жүргенде қаныпезер сұр мерген біреуін атып алып, сыңарын қайғы-қасіретке батырады. Шын ғашықтық сезімнің қуатты күші жалғыздықпен өмір сүре алмайсың дегізген кезде екінші аккумулятор сұр мергеннің алдына аспанан құділалап келіп құлайды. Сүйгеніне қош деп қанатын бір қағып, мәңгілікке көз жұмады. Достасқан көңілдің өмірлік заны осы болуға тиіс деген түйін пролетарлық таптық түсінікте болғандарды біраз ашындырған да болатын.

Тез жазылып, басқалардың эстетикалық таным-түсінігін әр саққа жүгіртуге себепші болған лирикалық поэманың көркемдік қуаты күшті, әсері мол болды. Сондықтан оның төнірегіндегі ой-пікірлер қым-қиғаш болуы да заңды.

20-жылдардың екінші жартысы Сәкенге де, оның жақтасы болған жас дарындарға да жайлы бола қоймады. Тіпті қоғамдық өмірден қол үзулеріне тура келген сәттері де кездесті. Оның мән-жайын тағы да Сәкеннен тыңдайық: «басқару қызметтерде Смағұл секілділер отырғанда мен секілділердің саяси-әлеумет істеріне араласуға мүмкін емес екеніне көзім жетті. Сондықтан уақытша «қызыл» тақырыпты жазудан тыйылдым. Еш нәрсеге араласпайтын тұрмысқа көштім. «Аккудын айрылуы» және осы секілді бірнеше шығармаларым тап осы кезде жазылды. Ол кезде билеп-төстеп отырған батырлардан бөтен ойлаушылар ашық, шын өз пікірін жаза алмайтын болды. Мен дәл осы кезде саясат туралы сөйлеуден бездім. Бұл жол бірте-бірте мені сыртқа шығарып, еш нәрсеге араласпай қалуға айналдырды. Бұл сарыуайымшылыққа (упадничество) икемдеді. Тұрмысымыздың қайшылық, шалағайлықтарының үстіне партиямыздың бас жағындағы кейбір қынырлықтар, ауа жайылулар бәрі шумақталып, мені де қоршағандай болып төмен тартты. Бір түрлі упадничество туғызды», — дегенін ескермеуге болмайды.

Сәкен өз көңіл күйін осылай түсіндіріп жатқанда, ҚазАПП-тың өпербақан сыншылары құрыққа сырық жалғап әлек болды. Көңіл күйі,

махаббат тақырыбына жазылған шығармаларды ұнатпайтын пиғылдарын дәл Сәкеннің осы кездегі шығармаларына айрықша шүкшиюларымен білдірді, тіпті асқындырып жіберді. Хамза Жүсіпбеков, Жұмабай Арманбаев, Ғаббас Тоғжановтардың жазғандарын былай қойғанда, акын Жақан Сыздықовтың белсенділік танытып, сарыуайымшылдыққа қарсы ой толғауы тандандырмай қоймайды. Жалпы эстетикалық жүйе бірінғайланған уақытта, таңертеннен кешке дейін таптық көзқарастың айтқанына бағынғаннан кейін оның да теріс, терісін де теріс болып шығып, елдің түсінік-танымына қиындық жасап жатты.

Ғаббас Тоғжанов өзінің 1929 жылғы «Әдебиет және сын мәселелері» жинағында «Сәкеннің «Сыр сандығы», «Аккудың айрылуы», «Лашын әңгімесі», «Тұрмыс толқынында», «Совпарттағы қарындасыма», «Жұмсақ вагонда» деген өлеңдеріндегі пікірлері партия пікіріне жанаспайтын пікірлер. Орынсыз жерде аямасты аяу, көздің жасын бұлау, көңілшектікке салыну, тап тілегінен жолдас хақын жоғары қою, тұрмыс-толқынымен жолдассыз, серіксіз, беталды лағу (плоть по течению) секілді пікірлері тұрмыстан жабыққан, келешектен адасқан жарымжан, торыққан идеалшыл акындардың пікірлері ғой. Сәкенге тұрмыс не түбі жоқ дүние, не кілті ашылмаған жұмбақ болғанын, сыр болғанын білесін. Тұрмыс қайығына мінсе Сәкен серіксіз мінеді. Толқын ағымымен жоқ болады. Екі жар қосылмаса Сәкен жылайды. Мерген аккуды атып алса, Сәкен мергенге лағынет оқиды» деген пікірлердің бәрі 1926—1930 жылдары Сәкеннің «сарыуайымшылдығымен» күресуге арналған ой-пікірлер болатын. Пролетариат акыны бола алмаған Сәкенді ең болмаса тапшыл әдебиеттің одақтасы (союзник) қатарында ұстауға сылтау болды. КазАПП басшысы М. Қайыпназаров өзінің дөрекі социологиялық пікірін Сәкендерге шығғырып тұрып таңған болатын. Мұндай науқаншылдықтан сау қалған акын-жазушылар өте аз.

Сонымен, өзінің сыршылдығымен, нәзіктілігімен, мейірбан мәрттілігімен дүниеге келген «Аккудың айрылуы» поэмасы, Ғаббас қаншама «Сәкеннің түр жағынан әдемі жазылғандары көбінесе пікір жағынан кемшілігі бар өлеңдері. Мәселен Сәкеннің «Сыр сандығы», «Аккудың айрылуы», «Лашын әңгімесі» деген өлеңдері тіпті әдемі, күшті жазылған өлеңдер. Сөздерінің әдемілігімен оқушыны қозғап, ертіп отырады. Оқушыға көркемдігімен үлкен әсер береді. Пайдасы не, осындай түр жағынан жақсы жазылғандары пікір, идея жағынан кем болып отырғансын!» (81-бет) дегендері оның да, солын да жуып-шайып жіберіп отырды. Бұл жалғыз Ғаббастың ғана емес, КазАПП сыншыларының бойына дарыған социологиялық сырқат болатын. Сондықтан «Аккудың айрылуы» сияқты классикалық поэма дұрыс бағаланбаған болатын. Тек Сәкендер ақталғаннан кейін ғана «Аккудың айрылуы» өзінің пәктігімен, сезімталдығымен, мерейлігімен әдебиет тарихынан өзіне тиісті орын алды.

Осы реттен Сәкеннің поэмалар шоғырына көз салғанда 1925 жылдары басталып, 1928 жылы Ташкентте аяқталған, 1929 жылы басылып шыққан халықтық «Көкшетау» дастанының казак поэзиясындағы орны мүлде ерекше. Ол Сәкеннің заман образын жасаудағы ізденістерін жалғастыра түсіп, өзіндік үлес қосқаны бір болса, екіншіден үлкен шығармашылық бәсекемен жазылған туынды екеніне енді айрықша көңіл бөліп, әділін айтуға тиістіміз.

«Көкшетау» поэмасының жазылу және жарық көру кезені советтік өмірдің ең бір беленді уақытымен шендесіп жатуы тегін бе? Әрине, жоқ. Тұрпарға мініп төңіректі барлау, отарбаға мініп келешекке көз тастау кезені тұрақталуға, орнығуға бет қойған, яғни басқаша айтқанда, жана өмірге лайықты түр табу, іздеу осы дәуірде бір арнаға түсіп, бірнеше жылдан бергі алып өзгерістерді сапалық деңгейге жеткізу процесі басталған болатын.

Бұл арада кейбіреулер қоғамдық дамуға көркемдік өркендеуді араластыруға болар ма екен деп күдіктенсе, біз тарихи шындық осылайша тұстас келген еді деп жауап айтуға тиістіміз. Шын реалды өмірден нәр алған шығарма келешекке үміт артып отырады. Бірақ өзінің тірегі болған шындықтан шығандап алыс кете алмайды. «Көкшетаудың» халықтық поэмаға айналуының бір сыры тап осы жағында жатыр.

«Көкшетау» поэмасының манументалдық сипатын ҚазАПП сыншылары түсіне алмаған болатын. Сәкенді сен бүгінгі күннен алыстап, Көкшетаудың өткен дәуіріне көп көңіл бөлдің, халықты қанаған ханды ауызға алдың деп айыптаушылар да болған. Сөзіміз дәлелді болу үшін ҚазАПП-тың «белді» сыншысы әрі басшысы болған дөрекі социолог М. Қайыпназаров «соңғы кезде Сәкеннің «Көкшетау» деген кітабы шықты. Бұл кітабы да салт-сана жағынан барып тұрған зиянды кітап. Толып жатқан өрескел қате пікірлерді айтады. Мысалы, аксүйектік дәуірді жырлайды. Қажымұқаннан енеге ал. ескі «Баян» өнінен үлгі ал дейді. Қазір Көкшетауда болып жатқан колхоз, совхоз, өндірісті, жана социалдық қатынасты, партия туралы түк айтпайды. Жақында ҚазАПП болып Сәкеннің шығармаларын сынадық. Сол сынның аяғында Сәкенді пролетариат әдебиетіне одақтас акын деп таптық. Расында, Сәкен тіпті пролетариат акыны болып көрген емес»¹, — деген пікірі Қаратаевтың 1937 жылы «Қайыпназаров әдебиеттің теориясы мен тарихынан бейхабарлығы былай тұрсын, көркем шығармаларды оқымай, көбіне басқа адамның аузынан шыққанды малданатын. Дұрысырақ айтсақ, ол сын жазғаннан гөрі ярлықтар жапсырып, таңба соғатын»², — дегенін жоғарғы үзінді кереметтей дәлелдейді.

¹ М. Қайыпназаров. «Қазақ пролетариат әдебиетінің жай-күйі мен алдағы міндеттері туралы». Алматы, 1932 ж., 16-бет.

² М. Қаратаев «Рожденина Октябрь». Алматы, 1958 ж., 159-бет.

Біздіңше, «Көкшетау» поэмасын заман бейнесін жасау проблематикасы тұрғысынан да қарастырған жөн. Сонда ғана «Көкшетау» поэмасы халықтық аңызбен суарылған дейтін пікірдің сынаржақтылығы да көрінеді, поэманың замыселын ҚазАПП тұсында мүлде түсінбеушілік болғандығы да айқындалады.

Жана өмірдің кейбір көріністері бой көрсете бастаған, орнығу тенденциясы аңғарылған, бірақ түбегейлі қалыптаса қоймаған кезде жазылған «Көкшетау» поэмасы ерекше тәптіштеп зерттеуді қажет етеді. Бұл жағы өкінішке қарай, әлі күнге дейін солғын. Оған кеңес заманында кедергі болған жай – поэманың негізгі сюжеті Абылай заманынан бастау алғаны еді. Өткен тарихты білуге, білгізуге онша құмар болмағандығымыз. Әрбір дерекке қарауыл қоюды әлі ұмыта қойған жоқпыз.

Поэмадағы лирикалық герой – Көкшетау. Барлық оқиға «Окжетпес», «Жұмбақтас», «Жеке батыр» айқын суреттеліп, көркем образ дәрежесіне көтерілген тұтқын қыз бен Адақ бейнелерінің өзі де Көкшетау образын ашып, күшейте түсуге жәрдемдеседі.

Жер тобы! Зырылдай бер диірменше,
Ұршық қып адам сені жіргенше.
Тұтқана Еңбек табы ие болып
Әмір қып: «былай түр!...» — деп үйіргенше¹ —

дейтін асқақ романтикалық философиялық астары:

Жұмсамақ Еңбек табы жігер-күшін
Жасамақ жер-дүниеге жаңа пішін.
Жоқ қылып қайғы, қасірет, жарлылықты
Жер тобын ұжмақ қылмақ адам үшін! —

деген ерен идеямен толысып, бүкіл поэманың замыселы айқындалады.

Сонымен «Көкшетау» поэмасы Сәкеннің, сондай-ақ бүкіл қазақ поэмасының замана образын жасау практикасында алдағы процестерді қорытындылаған беленді, этаптық шығарма. Егер алғашқы кезеңде Асау тұлпар, отарба, экспресс айбынды қимыл, өзгеріс үстінде жасалса, қоғамдық даму дәрежесіне сай социалистік реализмнің өмірді орнықтыру принципі қалыптасып келе жатқанда халықтық «Көкшетаудың» тууы әбден заңды.

Қазақ әдебиетінде заманның реалистік астары қалың романтикалық образын жасау тенденциясы этаптық «Көкшетау» поэмасы арқылы бой көрсетуі — қазақ совет поэзиясының қалыптасу процесін өткеріп,

¹ С. Сейфуллин. «Көкшетау», «Қазақстан» баспасы. 1929 ж., 130-бет.

енді өркендеу процесіне көше бастағанының айқын және шешуші белгісі болғанын аңғарамыз.

«Көкшетау» поэмасының сюжетін таратудан гөрі қазақ поэзиясын өркендетуге қосқан үлесін айтқанда шығармашылық бәсекемен дүниеге келгенін тасада қалдыруға болмайды. Себебі тарихи тақырыпқа жазылған, қазақтың елдігіне атын қалдырып кеткен даналар мен қайраткерлер туралы көзқарастар эволюциясын, қастерлеген суреттерін енді елеусіз қалдырмауымыз керек. Барын барша, сөндісін ажарлы, көріксізін сұрықсыз күйінде көрсету қажет. қазіргі уақыт осыны тілейді, талап етеді.

Мағжан алаштығынан, Сәкен большевиктігінен, тапшылдығынан танбай қазақ тарихын суреттеуге кірісті. Және бұл бәсеке «жарысты» Мағжан бастады. Тарихи тұлғаларға шаң жуытпай асыра мадақтау арқылы тапшыл Сәкенге жем тастап отырды. Сондықтан олардың Көкше өңірінен шықпай қоюының бір сыры тарих түйінінің шешуші сәттеріне байланысты болса, екіншіден, ол өңірдің табиғаты өлен-жырды өзі туғызардай әсем және аңыздарының молдығы жасырар сыр емес. Мағжан мен Сәкеннің өнер бәсекесінде, әсіресе ақындық қуаттарын таныту саласында осы Көкшетаудан тарайтын тарих пен табиғат көрінісінің қазақ әдебиетіне, әсіресе поэзиясына бергені де, дарытқаны да ерекше. Туған жердің табиғатын осылай суреттеудің алғашқы бастамасы болғаны да осыдан.

Түсінік, таным, көзқарас алшықтығын тарихи қайраткерлерді бағалау барысынан да, табиғатты суреттеу айла-амалдарынан да аңғартпақ болғандықтан енді ақын шумақтарын салыстыра шендестірсек, екі қоянды, яғни көзқарас пен көркемдік шеберлікті бір окпен атып аламыз. Сондықтан үзінділердің ұзақтығы мен молдығына наразы болмаңыздар, өйткені «көзге көрсетіп, қолға ұстатудың» бұдан басқа амалы жоқ.

Мағжанда Абылай мен Кенесарыдан көп мадақталатын тұлғалар аз. Өз тағдырын Абылайға сеніп тапсырған елге Мағжан:

Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
Дағдарған Алаш енді қайда бармақ?!
Сол кезде елге қорған болған Абылай
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап,
Күндердің бір күнінде хан Абылай
Қалмаққа ойына алды ойран салмақ, –

десе, тап осы оқиғаны Сәкен былай жеткізеді.

Ертегі толып жатыр өткен-кеткен;
Өтірік-шынды әңгіме бізге жеткен.

Әйтеуір расы сол: Көкшетауды
Ел шапқыш хан Абылай мекен еткен, —

деп алады да, «біреулер батыр мен ханды мақтап, сарнайды, жыр қылады сөзін сырлап» деп Мағжанды қағыта кетуді ұмытпай, негізгі оқиғаға оралады.

Көп тыңдап, көп тексердім осындайды,
Мақтарлық қылық, мінез табылмайды.
Оқушы оқып өзі баға берер
Өлеңге костым мен де Абылайды.
Абылай орда қылған Көкше тауын,
«Аударған қонысынан талай жауын»
Бір жылы, жаздыгүні, қалмақ елін
Шаппак боп қол жиыпты айтып сауын, —

деп поэманың негізгі арқауын таратуға кіріседі.

Мағжан да, Сәкен де Абылайдың қалмаққа шабуылын, одан алып қайтқан орасан олжаларын нақты образбен көрсету үшін қолға түскен қалмақ қызын негізгі кейіпкер қылып алады. Бұл тегінде тарихи шындық болар, ал болмаған күннің өзінде шығарманың сюжеттік желісін өріп, көркем образ жасау үшін керек амал. Сондықтан қолға түскен қалмақ қызын талайлардың аузының суын құртатын деңгейде суреттеп қана қоймай, бүкіл қазақ тамсана, құмарлана оқитын дастанға айналдырғандары әдебиетіміздің суреткерлік арнасын кеңейтіп, әлемдік арнаға қол созғанымыздың белгісіндей болғаны анық.

Сөйтіп, Абылай қалмаққа жорық жасап, көп олжамен қайтты. Әсіресе үлеске түскені — көзді қытықтаған қалмақ қызы. Мағжанда ол батыр Баянның қанжығасына байланады. Дәмелі батыр онаша отау тігіп берсе де, қалмақ қызы оның тілегін қабыл алмай, Ноянға көңілі кетеді. Қыздың сұлулығы есінен адастырған Ноян тіпті елін тастап, қыз тілегін орындау үшін қалмақ асып кетуге бақұл. Өз елінен қашып, бөтен жұртқа сінбек болып бекінген інісінің әрекетіне ашуланған, намысы тапталған Баян қуып жетіп, ақылын ашуға алдырған батыр екеуін атып өлтіреді. Кегі қайтып, «арманына жеткен» Баян алдында сұлап жатқан екі жасты көргенде өмірі екінші басылмас қасіретке тап болғанын сезеді де, жылап-сықтай жүріп екеуін арулап бір молаға көмеді. Міне, махаббат трагедиясы осы.

Батыс Еуропа әдебиетіндегі ғашықтар іс-әрекетін көзімізді жұмып, аузымыздан су аға мақтайтын шығармалардағы характерден артық болмаса, кем соқпайтын көркемдік дүниесі осы. Осы шығармамен әлем әдебиетіне еркін қосыла алатынымызды заманында түсінбегенімізге енді өкініш білдірмеске болмайды. Шіркін, жиырмасыншы жылдардың басында осындай туынды берген ақынның қолын қақпай, еркін жібергенде

кандай эстетикалык байлыкка кенелер едік. Өзекті өртер ұлттық рухани шығын ғой бұл.

Ал Сәкен қалай шешті осы жұмбақты? Ол да адам танданарлық әсем арна тапты. Колға түскен қалмақ қызы арқылы Абылай өз батырларының пиғылын байқайын деді ме, әлде өнерлерін сынайын деді ме, әйтеуір тандауды қызға берді. Үміттенгендердің көптігінен құтылып кете алмасын көрген соң қалмақ қызы үш шарт қояды. Бірінші, орамалын шын басынан атып түсірген батырға олжаланамын дейді. Қыздан дәмесі бар да, жоқ та садақтарын қалай жібесе де шын басына жеткізе алмайды. Міне осыдан Оқжетпес анызы туған. Оны ақын өзінің айшықты жырымен мүсіндеген.

Екінші, Жұмбақтастың үстіне төрт жігітті көтеріп шыққан батырға тиемін деген шартын айтады. Өзі көл ортасындағы жұмбақтаста тұрады. Алда-жалда бір батыр тапсырманы орындаса, жартастан құлап өлмекке бел байлайды. Қара күшке дес бермейтін батырлардың сегізі бірдей қатар келген соң қыз ешкіміне байланбайды.

Поэманың сюжеттік желісінің ширатылуы үшінші шартқа байланысты өрбиді. Қыз өз тағдырын «Кептер кебі» деген сырлы жұмбаққа айналдырғанда, Абылайдың даңғой батырларының бірде-бірінің ақылы жетпей, дәрменсіздік танытады. Сана жарысында ұтылып, елдің намысы кетіп бара жатқанына шыдамай, бағанадан бері сырттай бақылаушы болған елеусіз бір жігіт:

Жасынан кедейліктен кемдік көрген,
Жігерлі талабы зор өзі мерген.
Жылқысын бағып жүрген байын тастап
Төренің бір себеппен қосына ерген. —

сұлу сида, сұнғақ дене, «жүп-жұмыр сом боп біткен жігер мойын», қыр мұрын, қарагер көз, қара мұртты Адақ Абылайдан рұқсат сұрап, қыз қойған шарттардың бәрін орындайды. Әсіресе ақыл-санаға жүк түсірген «Кептер кебі» жұмбағын шешуі жиналған жұртты таңқалдырып қана қоймай, адамгершіліктің өлшеуіші болардай оқыс шешім жасатады да, бір елдің ар-намысын қорғап қалады.

Өлтірер деген еді ерді намыс,
Қоянды өлтіреді деген қамыс.
Қызды енді олжаласак елімізді
Не демек естісе егер, жат ел — қалыс.

Қыз жырын Сізге арнады төрелікке,
Болмайық, тақсыр, бекер өр-елікпе.
Естіген халық жерге түкірмесін,
Біз дағы әділ билік берелік те. —